

Сапақкөл орта мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Ж.Қ.Нұржановаға 10 сынып жетекшісі Жусипова Эльмираның
2023-24 оқу жылының тәрбие бағыты бойынша
жылдық жұмысы жөнінде есебі

Хабарлама

2023-24 оқу жылында 10 сыныпқа 12 оқушы қабылданды, 6 ұл, 6 қыз. Биылғы оқу жылында тәрбие бағытының оқушымен және ата-анамен ұйымдастырылатын жұмыс жоспарына айтарлықтай өзгерістер енгізілді.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Даму үстіндегі қоғамда бәсекеге қабілетті, өзінің ұлттық мәдениеті мен тілін қастерлейтін, адамгершілік сапасы тиянақты, ұлттық рухы жоғары, патриоттық сезімі тұрақты берік қалыптасқан, әлеуметтік ортада өз орнын таба алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеті: Өз елінің салт-дәстүрлерін, саяси тарихын білу, өзінің саяси және құқықтық сауатын арттыру, мемлекетіміздің тарихы мен мәдениетін білу.

Күтілетін нәтиже: Жан-жақты дамыған, рухани біліммен сусындаған, өз елі үшін патриот бола алатын жеке тұлға қалыптастыру.

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б.

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

1. Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда келесі тақырыптар бойынша сынып сағаттарын өткізу ұсынылады:
2. «Ар-ұят және жауапкершілік»
3. «Біздің қоғамдағы әділеттілік»
4. «Іс-әрекеттегі мейірімділік»
5. «Мейірімділік құндылығы»
6. «Күнделікті өмірдегі адалдық»
7. «Этикалық құндылықтарды дамыту»
8. «Отаншылдық және оның мәні»
9. «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік»
10. «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»
11. «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»

12. «Қоғам игілігіне қызмет ету»
13. «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»
14. «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»
15. «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»
16. «Құқықтық мәдениет және оның маңызы»
17. «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» және басқалар.

2023-24 оқу жылына тәрбие бағыты бойынша бекітілген жоспарға сай тәрбие сағаттары, іс-шаралар, мерекелік шаралар, ата-анамен, мектеп психологімен, жергілікті учаскелік полициямен жұмыстар жүргізілді. Оқушылар жыл бойы мектеп жанынан бекітілген түрлі үйірмелермен, қосымша сабақтармен қамтылды. Соның ішінде қолөнер, волейбол үйірмелері және қазақ тілі пәнінен қосымша сабақтармен қамтылды.

Жоспарланған тақырыптар іс-шаралар, уақытылы орындалып, оқушылар үлкен сеніммен, жауапкершілікпен жұмыстанды.

Тәрбие сағаттары: «Толық адам» ілімі



Сынып мақтаныштарының бірі: Тоғызбаева Әселдің кезекті жеңістері



Сынып оқушылары олимпиада сәтінде



Алғыс айту күні:



Жол тәртібін жадында ұста!




8-Наурыз: «Аяулы Анашым»



14 Наурыз-Көрісу күні



Білім министрінің үндеуі:





Мектебімізде әкелер жұмысы жақсы жолға қойылып, әкелеріміздің жан-жақты қырларынан танылуына жағдай жасалынууда. Әкелер арасында ұйымдастырылған спорттық шара өз деңгейінде өтіп, жеңіске жеткен топтар марапатталды.



Оқу жылын қорытындылау есебі

Сыныптың үздік оқушысы Амангелдықызы Алия



2023-24 оқу жылының қорытындысы бойынша 1 оқу үздігі, 5 оқу екпіндісі аяқтады.
Үлгерімі-100 пайыз, білім мапасы -50 пайыз. Оқушылар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен
кешенді емтихан тапсырып, 11 класқа көшірілді.